

Ленин туыл

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, өңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 163
(6864)
1944 жыл
Жума
18 август
Жеке саны
20 тыйын

Соғыс кезіндегі егін өніміне-мүқият есеп, сенімді күзет болсын

Егін жыйнау маусымының шешуші кезеңі жетті. Егінді орысымен, оны соғу және илекетке астық тапсыру ісі өріс алды. Інді алғашқы соққаннан-ақ барлық жерге ннен мол өнім алу жөніндегі есептің дүстегі ыспатталды. Егіннің өнімділігі қдай, ауыл шаруашылық өнімдерін даңдау жоспарын толық орындауға, тұқым рын құюға, әрбір колхозшы мен колхоз-і әйелдің еңбегіне лайықты ақы төлеу-мүмкіндік береді.

Бірақ халықтың дәншіпан мақалы: «Егін мін қоймаңа жыйнап алғансон мақтан» дейді. Дұрысында, колхоз егінінің шы-дылығы оның өскендігіне қарай баға-байды, оның жыйнап алынып мемлекеті колхоз қоймаларына түскеніне қарай аланады. Егінді өсіріп, өнімін ысырапқа ырату аброй емес. Өсірген әрбір масақ-сақтау, міне егін егуші әрбір өңбекші-тілегі осы. Олар бар күш-жігерін бі-міндетке—егінді тез, түгел жыйнап, де-бір дәнін ысырапқа ұшыратпау мін-не жұмылдыруда.

Егін өнімінің ысырабына қарсы күрес ша-тары бйылғы жылғыдай хұрметті бол-емес. Жас та, кәрі де егіннің сабақта-ып күйілауын, астықтың атжалда-да, көпенеде, маяда және қырманда бү-іп, ысырапқа ұшырамауын бақылауда.

Егін өніміне шын ынтамен қарау—колхоз енвасының мемлекет мүддесі үшін, май-хажеті үшін қамқорлық жасайтындығын е қайда айқын мәлімдейді. Селодағы тия, кеңес және комсомол ұйымдары-қазір колхозшылардың және колхоз-і әйелдердің егін өнімін жыйнап алуына, ысыраптан сақтауына, астықты өзінің ына жұмсауына көмектесуден артық ызды ісі жоқ. Ысырапқа ұшыратарлық ықшақтардың барлығы берік бекітілуге. —Еліміз бен майданның талабы міне Мұнда, егінді дер кезінде ору, бау-шөмекеге және маяға үю шаралары қатар егін өнімін есептеу және күзету алдыңғы қатарға қойылады.

СРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен б)П Орталық Комитеті егін жыйнау е ауыл шаруашылық өнімдерін дайы-туралы қаулысында, егін жыйнаудың ық кезеңдерінде егін өнімін қатаң кү-п, мүқият есептеуді талап етті. Үкімет партия ұйымдастыру—техникалық ша-рдың міндетті жүйесін тағайындады, мүлтіксіз орындау—егіннің ысырабы талан-таражға түсуін болдырмауға кіндік береді.

Кмет пен партияның нұсқауларын де-ғимыз қызу қолдады. Бұл нұсқауларды ыдау күресі—колхозшылар мен колхоз-і әйелдердің қалың бұхарасының ісіне ылды. Әрбір килограмм астықтың есеп-лынып, оның қайткен күнде сақталуын диондаған көздер тынбай бақылап. Горький облысының Чкалов ауда-да, 8 март атындағы колхозда астықты тен күзету ісін басқарманың әдилеп ен адамдары ғана жүргізбейді. Мұнда ықты күзетуге комсомолецтер мен жас ызшылар да шықты. Олардың қырағы тшілері егін даласын күні-түні көздері-таса қылмайды.

айда, барлық жерде бірдей партия жә-енес қызметкерлері үкімет пен партия-а астықты есептеу және күзету жө-егі нұсқауларынан тиісті қортынды жа-н жоқ. Егін даласы мен қыримандарда-ін өнімін күзетуге, оны соққанда және ғанда есепке алуға салақ қарау фак-і әлі аз емес екендігі байқалып отыр.

КАРА БИДАЙ ТЕЗ МАЯЛАНСЫН

иешім ауданындағы «Бексейт» ауыл ышылық артелінің кара бидайды ору-ріскеніне аз-ақ күн болды. Осы мерзім е оның 112 гектары орылды. Кара би-ауға 2 лобогрейка және егін оруға деліп жабдықталған 3 шөп машинасы лды. Олар сапалы жөндеген, сондық қалтқысыз жұмыс істеуде.

ра бидай оруды лобогрейкашы колхоз-р қажірлі еңбектің және ұйымшыл-а тамаша үлгісін көрсетуде. Лобо-

Бұл колхоз егінінің өнімін көрігеннің қо-лына түсіреді, астықтың талан-таражға тү-суіне, ұрлануына жағдай туғызады.

Ростов облысындағы, Александров ауданының Калинин атындағы колхозында июльдің орта кезінде-ақ 27 гектар ешмен орылған болатын, оның өнімі бірнеше күн бойы қырманда тазартылмай жатты. Ал оны тазартқанда не колхоз председатели, не бригадир, не астық өлшеуші оның өнімін өлшеуді керек қылмады. Мұның үстіне колхозда егін өнімін күзетудің нашарлығын коссак астыққа кім болса сол қол суға-тындығы мәлім.

Тамбов облысы, Лысагор ауданы, «Красный Перекоп» колхозында астық ұр-лау егін орылмай тұрғанда басталды. Осы ауданның «Тихий угол» колхозының басшы лары егін өнімін күзетуді керек қылмаған, астықтың көп кемігендігін көріп талай та-ңырқанған болатын. Астықты есепке алу және күзету ісіне немқұрайды қараудың фактілері жөнінде басқа да бірнеше аудандардан хабар түсуде.

Колхоз егінінің өнімі—социалистік мен-шік. Оған қастық жасаушы әрбір адам—зұ-лымдық істеуші, мемлекетке, колхоздар мен колхозшыларға зиян келтіруші адам болып табылады. Колхоздың егін өнімін ұрлау-шыларға ешбір рахым болуға тиіс емес. Олар кеңес заңдарымен қатаң жауапқа тартылуға тиіс.

Астық өнімінің ұрлану фактілері, кей жерлерде біреудің мүлкіне аранын ашатын-дардың әлі де барлығын ғана көрсетпейді, ол әлі де болса кейбір жергілікті қызмет-керлеріміздің егін өнімін есепке алу, оны күзету ісін ұйымдастыруда қылмысты түр-де жайбарақаттық жасайтындығын да көрсетеді. Тегі олар, өткен жылдарда егін өнімі не немқұрайды қараудың салдарынан кей-бір колхоздардың едәуір астықтан айырыл-ған тәжірибесінен еш нәрсе үйренбеген кө-рінеді.

Еліміз бен майданның әрбір килограмм астық жөнінде толық есеп талап ететіндігі естен шықпасын, егін өнімін мүқият есеп-теп, сенімді күзет ұйымдастырудың тиісті шараларын қолданудың керектігі естен шық-пасын. Ал ол шаралардың бәрі де айқын және әр кімге белгілі. Егін далаларын үне-мі шолып күзетуші, қырман күзетшілері керек, олардың жұмысы қатаң бақыланып отыруға тиіс. Астықты ұрлаушылар мен та-лан-таражға салушылар жаза тартпай қалу-ға мүмкін емес.

Есеп жұмысын былықтыру фактілері мүл-де жойылу керек. Молотилкалардан, ком-байндардан түсетін астық жана оларды қоймаға қабылдарда мүқият өлшену керек. Астықты қоймаға және қабылдау орында-рына тапсырғанда астық тасушының фа-милиясы мен астықтың дәл саны көрсет-ілген қағаз бірге жүру керек. Таразы-шыларды, кілтшілерді, күзетшілер мен астық тасушыларды іріктеп алуға аса на-зар аударылыс. Бұл маңызды орындарға тек таңдаулы адамдар ғана, колхозшылар ға сенімді адамдар ғана қойылыс.

Астықты есепке алу және күзету—село-дағы барлық колхозшылар мен колхоз-і әйелдердің, коммунистер мен комсомол-ецтердің, партия және кеңес қызметкерлері-нің ісі. Егін даласының әрбір өңбекшісі, ауыл шаруашылығының әрбір қызметкері колхоз егіні өнімінің кірпік қақпайтын кү-зетшісі болуға тиіс.

Соғыс кезіндегі егін өніміне—мүқият есеп, сенімді күзет болсын!

(«Правданың» 9 августағы бас мақала-сы).

грейкашы-Ө. Мұстафин және С. Жақыпов жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін 110—120 процентке дейін орындап жүр.

Бірақ кара бидайды ору мен маялау ара-сында зор алшақтық болып отыр. Орыл-ған 112 гектардың небары 22 гектары ғана маяға салынды. Колхоз басшылары кара бидай ору мен маялау арасындағы алшақ-тықты дереу жоюға колхозшыларды жап-пай жұмылдыра білулері керек.

Г. ӘУБӘКІРОВ.

Астықты есепке алу және күзету—селодағы барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдер-дің, коммунистер мен комсомолецтердің, пар-тия және кеңес қызметкерлерінің ісі. Егін да-ласының әрбір өңбекшісі, ауыл шаруашылығы-ның әрбір қызметкері колхоз егіні өнімінің кірпік қақпайтын күзетшісі болуға тиіс.

1-Украин майданы әскерлерінің осы жылғы 13 июльден 12 августқа дейінгі шабуыл ұрыс қыймылдары кезіндегі жаудан түсірген олжасы және дұшпанның шығыны

Кеңестер Одағының Маршалы Коневтің басқаруындағы 1-Украин майданының әскерлері осы жылғы 13 июльден 12 августқа дейінгі шабуыл ұрыс қыймылдары кезінде дұшпанды адам күші мен техниксы жағынан мынадай шығынға ұшыратты:

Немістердің 567самолеті, 1404 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, түрлі ка-либрлі 1220 зеңбірегі, 1230 минометі, 2100 пулеметі, 80 бронемашинасы, 190 броне-транспорттері, 1360 автомашинасы, соғыс жүгі тиелген 1000 ат-арбасы ЖОЙЫЛДЫ.

Дұшпан 140 солдатты мен офицерінен тек өлідей айырылды.

Осы уақыттың ішінде 1-Украин майданының әскерлері жаудан мынадай олжа: 120 самолет, 537 танк, түрлі калибрлі 2395 зеңбірек, 2638 миномет, 3635 пулемет, 39 бронемашина, 277 бронетранспортер, 10377 автомашина, 41 паровоз, 1286 вагон, 28 темір жол эшелоны, соғыс жүгі тиелген 7019 ат-арба, 12060 ат, оқ-дәрі, қару-жа-рақ, жабдық және азық-түлік қойылған 190 склад ҚОЛҒА ТҮСІРДІ.

Немістердің 32.360 солдатты мен офицері ҚОЛҒА ТҮСІРІЛДІ. Сонымен, 1-Ук-раин майданы әскерлерінің бір айлық шабуыл ұрыстарының нәтижесінде дұшпанның Львов бағытындағы әскер тобын талқандау және Кеңестік Украинаның қалалары Львовты, Станиславты, Дрогобычты, Стрыйды, Бориславты, Самбор мен Рава-Русскаяны азат етуді аяқтады.

Немістер адам күші мен техникасының басты түрінен мынадай шығынға ұшырады: дұшпанның 172.360 адамы қолға түсірілді, өлтірілді, не-містер 687 самолетінен, 1941 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегінен, түрлі калибрлі 3615 зеңбірегінен, 3868 минометінен, 5735 пулеметінен, 11.727 автомашинасына-айырылды. КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫ.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінде

КСРОның шығыс аудандарында 1944 жылы күздік егісті егу туралы

Сібірдің дала және орманды дала аудан-дарының ашық алаңдарында, Қазақ КСР-ның, Чилия мен Қорған облыстарының сол түстік жана орталық бөлімдерінде, акаде-мик Т. Д. Лысенконың әдісі бойынша күз-дік кара бидай мен күздік қызыл бидайды егін орнына жерді жыртып себу жөнінде-гі нәтижелі кең өндірістік тәжірибені еске алып КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қаулы етті.

1. Омбы, Новосибирь, Кемеров, Қорған, Челябин, Иркут, Чита облыстарындағы, Ал-тай мен Краснояр өлкелеріндегі, Бурят-Мангүл АКСРндегі, Қазақ КСРның сол-түстік, орталық бөлімдері мен Ақтөбе об-лыстарындағы дала және орманды дала ау-дандарының колхоздары мен совхоздары-на, жергілікті тәжірибені еске алып, кара бидайды дер кезінде жыртылып, жұмыс-талған парларға, соны мен қатар таза жә-не арам шөбі жоқ жаздық егіндердің орын-дарына себу ұсынылсын. Күздік қызыл бидай жоғарыда көрсетілген облыстардың, өлкелер мен республикалардың дала жә-не орманды дала аудандарының ашық алаңдарына тек егін орнына ғана себу ұсы-нылсын. Жоғарыда көрсетілген облыстар-дың, өлкелер мен республикалардың дала аудандарындағы және орманды дала ау-дандарының ашық алаңдарындағы кол-хоздар мен совхоздарға күзгі егісті сен-тябрьде жыртылған жерге екпеу тапсырыл-сын, кеш жыртылған парларды және на-шар жұмыс-талған парларды, шөп шыққан жерлерін міндетті түрде қайтадан жұмыс-тап 1945 жылы көктемде жазғы бидайды себуге пайдалану ұсынылсын.

2. Облыстық (өлкелік) атқару комитет-теріне, республикалық Халық Комиссарла-ры Кеңестеріне, КСРО Жер Халық Комис-сариатына, КСРО Совхоздар Халық Комис-сариатына, МТС пен совхоз директорларына, колхоз председателдеріне күзгі егісті егін орнына дер кезінде және сапалы егу мін-деттелсін. Күзгі егіс егін орнына тек табақ-ты трактор сеялкаларымен ғана, айқыш-ұйқыш әдісімен егілсін. Академик Т. Д. Лысенконың агротехникалық нұсқаулары-на сәйкес, кара бидай—20 августан 5—10

сентябрьге дейін, ал күздік қызыл бидай—20 августан 31 августқа дейін себілсін.

3. Облыстық (өлкелік) атқару комитетте-ріне, республикалық Халық Комиссарлары Кеңестеріне, КСРО Жер Халық Комисса-риатына, КСРО Совхоздар Халық Комис-сариатына, МТС пен совхоз директорлары-на жоғарыда көрсетілген мерзімге дейін күзгі егісті егін орнына егу үшін табақты трактор сеялкаларын толық тәртіпке келті-ру міндеттелсін.

4. Облыстық (өлкелік) атқару комитет-теріне, республикалық Халық Комиссарла-ры Кеңестеріне, КСРО Жер Халық Ко-миссариатына, КСРО Совхоздар Халық Ко-миссариатына, МТС пен совхоз директор-ларына күздік егіс егілетін егін орындарын комбайндардан түскен саломнан дер кезін-де тазартуды қамтамасыз ету міндеттел-сін.

5. Осы қаулының бірінші буынында атал-ған облыстық (өлкелік) атқару комитетте-ріне, республикалық Халық Комиссарлары Кеңестеріне 1944 жылғы күздік қызыл би-дайдың барлық өнімін 1944 жылы егу үшін пайдалануға рұқсат етілсін.

6. НКВД ГУЛАГ (Наседкин жолдасқа) Дайындау Халық Комиссариатының орын-дары арқылы Қарағанды совхозынан жа-қын маңдағы колхоздар мен совхоздарға 200 тонна «Алабаская ОЗ» сортты күздік қызыл бидай беру міндеттелсін. Тұқым үшін күздік қызыл бидай азықтық астық-қа айыбас ретінде берілсін.

7. КСРО Жер Халық Комиссариатына күзгі егістің жыртылмаған егін орнына се-білуін, осы қаулы мен сәйкес егін егудің агротехникалық ережелерінің орындалуын қатаң бақылау міндеттелсін.

8. Сібірдегі күзгі егістер мәселесі жөнін-дегі академик Т. Д. Лысенконың ғылым-зерттеу жұмысын қамтамасыз ету үшін, астық шаруашылығының Сібір ғылым—зерт-теу институты, КСРО Жер Халық Комис-сариаты жанындағы ғылым-зерттеу меке-мелерінің Бас Басқармасының қарауынан алынып, В. И. Ленин атындағы ауыл ша-руашылық ғылымдарының Бүкілодақтық академиясының қарауына берілсін.

ЖЕКСЕНБІЛІККЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

Булаев ауданының колхоздары Қызыл Армияның жеңімпаздықпен шабуыл жаса-уы хұрметіне, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жекеменшікке белсене қатына-сты. Жекеменшік күні ауданның колхозда-ры мемлекетке 9948 пұт, совхоздар 9324 пұт астық тапсырды.

Бүгән дейін «Красное знамя» ауыл ша-руашылық артелінде мемлекетке астық тапсыру өте баяу, барлық мүмкіншілік ас-тық тасуға жұмылдырылмаған еді. Же-ксенбілік күні колхоз мемлекетке астық та-суға 69 арба бөліп, оларға бір, сапарда 1572 пұт астық тиелді. Сапалы астық тиел-ген қызыл керуенді қабылдау орнына Ка-

зақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Екатеринбург, селолық кеңесінің председа-телі Волков жолдас басқарып келді.

Мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жекеменшікті «Страна Советов». Вороши-лов атындағы, Калинин атындағы және Чапаев атындағы ауыл шаруашылық ар-тельдері де үлгілі өткізді. «Страна Сове-тов» ауыл шаруашылық артелі бір күнде мемлекетке 1128 пұт астық тапсырды.

Чистов астық совхозы асқан үлгі көр-сетті. Бұл совхоздың бір күнде мемлекет-ке тапсырған астығы 4722 пұтқа жетті.

Г. ЕСЕНОВ.

Кеңес Хабаршы бюросынан 15 АВГУСТАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

15 августа ПЕТСЕРИ (ПЕЧОРА) қаласының солтүстік және батыс жағында әскерлеріміз 80нен аса елді жерді, оның ішінде МИКИТОМЯЭ, ЯРВЕПЯ, ЛЕВИ, ВАНА КОЙЛА, МУСТАЙЫЭ, ОСУЛА, УРВАСТЕ, КАССИ, МАДИСЕ қыстақтары мен ИЛУМЕТСА, ОРАВА, ҚҰРЕНУРМЕ, ВАБИНА, АННЕ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарып, дұшпанды адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

ПРАГА қаласының шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды.

САНДОМИР қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің солжақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ұрыстар жүргізуде болды, сойтіп бір неше елді жерді алды.

САНОК қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

14 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 114 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 29 самоләті атып түсірілді.

16 АВГУСТАҒЫ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

16 августа ПЕТСЕРИДІҢ (ПЕЧОРА) солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, 70тен аса елді жерді, оның ішінде ПАРМА, РАХУМЯЕ, КИРСИ, ПЯЗНА, СОХАРА, ПАРТСИ АЛАКЮЛА, ПЫЛЬВА, МЕМАС-КЮЛЯ, ЗРАСТЕРЕ, СУЛБИ қыстақтары мен ВЕРИОРА темір жол станциясын ұрыспен алды.

ШАУЛЯЙ (ШАВЛИ) қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын ойдағыдай тойтарды.

ПРАГАНЫҢ шығыс жағында әскерлеріміз немістердің жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтара отырып, дұшпанға қарсы ұрыстар жүргізді. Қатты ұрыстардан кейін әскерлеріміз ОССУВ қыстағын қалдырды.

САНДОМИР қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің солжақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ойдағыдай ұрыстар жүргізіп, бірнеше елді жерді алаы. Әскерлеріміз САНДОМИР қаласына басып кірді де көше ұрыстарын бастады.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

15 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 118 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 66 самоләті атып түсірілді.

Петсери қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз тоғайлы жерлерге дұшпанның қарсы қарсылығын жеңіп, 10 километр ала басты. Кеңес жауынгерлері табиғи бөгеттерді, миалар қойылған аланды, тоғай ішіндегі бөгеттерді талқандап жеңуде. Немістер әлсін-әлсін қарсы атақаға шығып, әрбір қолайлы шепте жан таласа қорғануда. Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңіп 600ден аса гитлершілді жойды, дұшпанның 8 зеңбірегін, 13 минометін, 26 мулеметін және оқ-дәрі қойылған 3 складын қолға түсірді.

Петсери қаласының солтүстік-батыс жағында немістер батпақты жерлерде және өзен жағалауында қатты қарсылық көрсетуде. Кеңес жауынгерлері дұшпанға қатты соққы беріп, оларды бірнеше елді жерден қуып шығарды. Әскерлеріміз немістердің қорғану торабы—Пыльва қыстағын алды. Жау орасан көп шығынға ұшырады. Тек бір қыстақтың төңірегінде ғана гитлершілдердің 260 өлігі саналды.

Ұшқыштарымыз әуе ұрыстарында немістердің 10 самоләтін атып түсірді. Зенит зеңбіректерімен дұшпанның 8 самоләті жойылды.

Шауляй (Шавли) қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында дұшпанның жаяу әскерлері мен танктері бекінісімізге атака жасады. Аз уақытқа созылған ұрыстан кейін кеңес жаяу әскерлері зеңбіректеріміздің көмегімен немістерді бұрынғы шептеріне қуып тастады. 250 гитлершіл жойылды. Жаудың 6 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртенді, қыйратылды. Екінші бір учаскеде әскерлеріміз жуырда алған шепті дұшпан қайтарып алуға тырысты. Гитлершілдер 5 рет қарсы атақаға шықты, бірақ ешбір жеңіске жете алмады. Бекінісіміздің ірәсінде жаудың көп өлігі мен немістердің өртенген 3 танкі қалды. Барлаушылар отрядымыз дұшпанның 100 шамалы адамын жойды.

Праганың шығыс жағында (Варшава қаласының маңында, Висланың оңжақ жағалауында) дұшпанның атакаларын ойдағыдай тойтарды.

Колхозшылардың еңбек күндеріне заттай ақы

Мамлют ауданындағы «Свободный труд» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері (председатели Тузов жолда) қара бидайды оғуға кірісімен оны дереу бастырып, мемлекетке астық тапсыра бастады. Колхоз қара бидай оғу және мемлекетке астық тапсыру ісін шын мәнінде соғыстағына жүргізуде. Осының нәтижесінде, мұнда астық қабылдау орнына 5 мың пұттан аса апады астық тапсырылды.

Колхоз басқармасы мемлекетке тапсырылған астықтың 15 процентін колхозшылардың еңбегіне бөліп беру ережесін толық сақтай отырып, еңбек күнге 510 пұттан аса астық бөлді. 60 жастағы Павлушин Дмитрий Иванович 7 айда танқан 520 еңбек күніне 156 килограмм астық алды. Майданшының әйелі Тайса Грановская жолдастың

500 еңбек күніне 150 килограмм үлес тиді. Көп балалы Наталья Михайлова 120 килограмм, Отан соғысының мүгедегі Грановский 106 килограмм аванс алды.

Колхоз жұмысы десе ат-тонын ала қашатын кейбір жалқауларға, Нина Сазонова, Мария Тукачева, Василий Семенов және Надежда Коваленко сияқтыларға аванс тимеді. Олар колхоз сарайынан аванс астық алуға дәмеленіп, көпке дейін колхоз сарайының егісін босатпады.

Алдын ала қарастырылған мөлшер бойынша, «Свободный труд» ауыл шаруашылық артелинің мүшелері еңбек күндеріне тек ғана қара бидайдан бір килограмнан аса үлес алмақ.

П. ҚАСЕНОВ

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованияесі штабының хабары

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованияесі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

Дұшпан әскерлерін қамап алған жердің сол жақ қанатын өрлей отырып, әскерлеріміз тоқтаусыз алға басуда, бұған дұшпанның шабуылды тоқтатпақ болып миалар қоюы және басқа әрекеттері бөгет бола алған жоқ. Әскерлеріміз Нуаро өзенінен Конде-сюр-Нуароның шығыс жағында бірнеше милдей жерде өтіп, бұл қаланы орап алды. Бөлімдеріміз Теншебрәні алды. Дұшпанның қоршаудағы әскерлерінің батыс және оңтүстік қанатын өрлей отырып, әскерлеріміз шабуыл жасап алға ілгеріледі. Домфрон-жер-ферте Шассе азат етілді. Әскерлеріміз Теншебрәнің оңтүстігінде 3 миль жердегі Иврандқа кірді. Оның күн шығыс жағында бөлімдеріміз Ранның арғы бетінде, солтүстікке қарай ілгерілеуде, мұнда дұшпан қатты қарсылық көрсетіп жатыр. Ранның оңтүстік-шығыс жағында Алансон төңірегі дұшпанның бөлімдерінен тазартылуда, бұл бөлімдерді солтүстікке қарай шабуыл жасаушы әскерлеріміз бөліп тастаған болатын.

Аржантан қаласының бір бөлігі әскерлеріміздің қолында тұр. Дұшпан бұл ауданда қатты қарсылық көрсетуде. Бретаньда Сен-Мало қамалы дұшпан қолында тұр. Дұшпанның Динардағы ұйымдасқан қарсылығы тоқталды. Брест пен Лориянда өзгеріс жоқ.

Ауыр бомбардировщиктердің ірі құрамалары 15 августа батыс Германиядағы, Бельгия мен Голландиядағы герман авиациясының негізгі базаларына қарсы шабуылға шығарылды. 4 моторлы 1900 бомбардировщик, истребительдердің ірі құрамаларының жәрдемімен дұшпанның 21 соғыс орнына шабуыл жасады.

Одақтастардың соғыс қыймылдарының орта теңіз майданындағы қарулы күштері штабының хабары

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Одақтастардың соғыс қыймылдарының орта теңіз майданындағы қарулы күштерінің штабы мынаны мәлімдеді: Одақтастардың соғыс корабльдері мен кемелері Францияның оңтүстік теңіз жағалауында әскерлерді үздіксіз түсіріп жатыр, жер бетіндегі әскерлердің ұрыстары жоспар бойынша күшеюде.

Әуе жағдайының қолайлылығымен Францияның оңтүстік жағалауындағы табан тірейтін шепті кеңейту үшін тың күштер, соғыс құралдары және неше түрлі қару-жарақтар келтіріліп жатыр.

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Рейтер агенттігі одақтастар әскерлерінің Францияның Орта теңіз жағалауындағы кең бекініске орнағандығын хабар етті. Франция Тивьра жағалауының кең алабы одақтастар әскерлерінің қолында тұр.

НЬО-ИОРК, 16 август. (ТАСС). Ассошиэтедпресс агенттігі Америка транспорттарының оңтүстік Франциядағы Қанныда жүктерін түсіріп жатқандығын хабар етті.

Францияның оңтүстік теңіз жағалауына одақтастар әскерлерінің түсірілуі

ЛОНДОН, 15 август. (ТАСС). Рейтер агенттігі, соғыс қыймылдарының орта теңіз майданындағы одақтастардың қарулы әскерлері штабының радио хабарын берді. Ол хабар бойынша, одақтастар әскерлері оңтүстік Францияға түскен кезде болмашы ғана қарсылыққа кездескен. Алғашқы нысаналы жерлерге бір сағаттан кем уақыттың ішінде жетті. Теңіз жағалауына жаяу әскердің жеті эшелоны екі сағатқа жетпей-ақ түсірілді. Таң алдында теңіз жағалауынан түпкірге қарай екі миль жерде парашют-десант әскерлері түсірілді.

«Бүгін Америка, Англия және Франция әскерлері одақтастардың соғыс-әуе күштерінің жәрдемімен, Францияның оңтүстік теңіз жағалауына түсе бастады. Әскерлер Англия, Америка және Франция кемелерінен түсіп жатыр».

ЛОНДОН, 15 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, соғыс қыймылдарының орта теңіз майданындағы одақтастардың қарулы күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы генерал Вильсон бүгін радио арқылы Франция халқына мынаны айтты:

«Одақтастардың армиялары оңтүстік Францияның теңіз жағалауына келіп түсті. Олардың мақсаты: немістерді қуып шығып, Нормандияда ілгері басып бара жатқан одақтастар армиясына қосылу. Франция әскерлері бұл ұрыс қыймылдарында өздерінің одақтастарымен, қару жөніндегі туыстарымен жер бетінде, теңізде және әуедегі айқасушылармен тізе қосып ұрысқа қатысады».

Франция армиясы жаңадан іске кірісті. Ол өз жерінде, өзінің елін, оның ежелгі даңқты барлық дәстүрлерін азат ету үшін күреске аттанды. 1918 жылды еске түсіріңіздер. Барлық француздар, бейбіт адамдар мен әскерлер оңтүстіктегі бұл науқанға қатынасуда тиіс. Сіздердің міндеттеріңіз өздеріңізге түсіндіріледі. Одақтастардың радиосын тыңданыңдар. Плакаттар мен урандарды оқыныңдар. Нұсқауларды бірден-бірге таратыңыздар. Франция өзінің азаттық тұрмысына жету үшін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнату үшін бұл ұрысты мүмкіндігіне қарай тез аяқтайық. Жеңіс қамтамасыз етілді! Францияның жауынгерлік рухы, оның күрес жүргізіп отырған мақсаты жасасын!»

ЛОНДОН, 15 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, соғыс қыймылдарының орта теңіз майданындағы одақтастардың қарулы күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы генерал Вильсон бүгін радио арқылы Франция халқына мынаны айтты:

«Одақтастардың армиялары оңтүстік Францияның теңіз жағалауына келіп түсті. Олардың мақсаты: немістерді қуып шығып, Нормандияда ілгері басып бара жатқан одақтастар армиясына қосылу. Франция әскерлері бұл ұрыс қыймылдарында өздерінің одақтастарымен, қару жөніндегі туыстарымен жер бетінде, теңізде және әуедегі айқасушылармен тізе қосып ұрысқа қатысады».

Германның авиобазаларына бомбалармен берілген соққылар

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Одақтастар әскерлерінің Италиядағы штабы мынаны хабар етті: кеше 1500—2000 Америка бомбардировщиктері мен истребительдері Германиядағы немістердің 7 авиация базасына ойдағыдай шабуыл жасады, сол сияқты немістердің Бельгиядағы 2 аэродромы мен Голландиядағы бір аэродромына шабуыл жасады.

15 августа түсте Англияның 1100ден аса бомбардировщиктері истребительдердің біркемелеуімен Голландиядағы 5 герман аэродромына және Бельгиядағы 4 аэродромына ойдағыдай шабуыл жасады.

Фалез төңірегіндегі неміс әскерлерінің ауыр халы

ЛОНДОН, 16 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша Англия, Америка және Канада әскерлері солтүстік Францияда Фалез төңірегіндегі немістердің қоршау шеңберін қысып, ондағы тозғындаған екі герман армиясына, оларды бөліп тастап жойып жіберу қаупін туғызды.

Жауапты редактордың орынбасары
К. ӘЛІМБАЕВ.